

**Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе)
тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жататын жұмыстардың тізбесін бекіту
туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 830 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.12.2016 № 796 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң !

Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 133-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жататын жұмыстардың тізбесі **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	25 маусымдағы
№ 830 қаулысы	

**Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе)
тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жататын жұмыстардың тізбесі**

1 . Мыналарды :

1) ғылыми болжауды (өз әдіснамасы мен техникасы бар арнайы теориялық зерттеулер) ;

2) іргелі және іздестіру зерттеулерін талдауды қамтитын ғылыми-зерттеу (ғылыми-техникалық) жұмысының техникалық тапсырмасын әзірлеу.

2 . Мыналарды :

- 1) ғылыми-техникалық ақпаратты жинауды және зерделеуді;
- 2) патенттік зерттеулер жүргізуді;
- 3) ғылыми-зерттеу (ғылыми-техникалық) жұмысын жүргізуге техникалық тапсырмада қойылған міндеттерді шешудің ықтимал бағыттарын айқындауды және салыстырмалы бағалауды;
- 4) қабылданған зерттеу бағытын және міндеттерді шешу тәсілдерін таңдауды және негіздеуді;
- 5) жаңа өнімнің және (немесе) технологияның бағдарлы экономикалық тиімділігін бағалауды;
- 6) зерттеулерді жүргізудің жалпы әдістемесін әзірлеуді (жұмыстардың бағдарламалары, жоспар-кестелер және т.б.);
- 7) инновациялық технологиялар бойынша базалық және егжей-тегжейлі инжинирингті қамтитын зерттеудің бағытын таңдау.

3 . М ы н а л а р д ы :

- 1) жұмыс гипотезаларын әзірлеуді, зерттеулер объектілерінің моделін құрастыруды, жорамалдарды негіздеуді;
- 2) теориялық зерттеулердің жекелеген ережелерін растау немесе есептеулерді жүргізуге қажетті өлшемдердің нақты мәндерін алу үшін тәжірибелер жүргізуді;
- 3) тәжірибелік зерттеулер әдістемесін әзірлеуді, модельдерді (макеттерді, тәжірибелік үлгілерді, пилоттық желілерді, тәжірибелік өндірістерді және т.б.), сондай-ақ сынақ жабдығын дайындауды;
- 4) бағдарламалық өнімдерді әзірлеуді;
- 5) тәжірибелер жүргізуді, алынған деректерді өңдеуді, тәжірибелердің нәтижелерін теориялық зерттеулермен салыстыруды;
- 6) объектінің теориялық модельдерін түзетуді;
- 7) техникалық-экономикалық зерттеулерді жүргізуді қамтитын теориялық және эксперименталдық зерттеулер.

4 . М ы н а л а р д ы :

- 1) жұмыстардың алдыңғы кезеңдерінің нәтижелерін қорытуды;
- 2) одан әрі зерттеулер мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу, пилоттық желілерді жасау бойынша ғылыми-негіздемелік ұсынымдар әзірлеуді;
- 3) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға техникалық тапсырма жобасын әзірлеуді қамтитын зерттеулердің нәтижелерін қорыту және бағалау бойынша жұмыстар .

5 . М ы н а л а р д ы :

техникалық тапсырмада көрсетілмей қалуы мүмкін бұйымға, оның техникалық сипаттамаларына және сапа көрсеткіштеріне қойылатын қосымша немесе нақтыланған талаптарды анықтауды, соның ішінде: ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін пысықтауды;

болжамдау нәтижелерін пысықтауды;
алдын ала есептеулер және техникалық тапсырма талаптарын нақтылауды
қамтитын техникалық ұсынысты әзірлеу.

6 . М ы н а л а р д ы :

қағидатты техникалық шешімдерді әзірлеуді, соның ішінде:
техникалық ұсыныс кезеңі бойынша жұмыстарды орындауды;
әзірлеудің құрамдас базасын таңдауды;
негізгі техникалық шешімдерді таңдауды;
бұйымның құрылымдық және функционалдық схемаларын әзірлеуді;
негізгі сындарлы элементтерді таңдауды;
жобаның метрологиялық сараптамасын;
макеттерді, пилоттық желілерді әзірлеуді және сынауды қамтитын эскизді
ж о б а л а у .

7 . М ы н а л а р д ы :

бұйым, технология бойынша жалпы және оның құрамдас бөліктері бойынша
техникалық шешімдерді түпкілікті таңдауды, оның ішінде:
қағидатты электрлік, кинематикалық, гидравликалық және басқа схемаларды
ә з і р л е у д і ;

бұйымның, технологияның негізгі өлшемдерін нақтылауды;
бұйымды, технологияны сындарлы құрастыру және оны объектіге
орналастыру үшін мәліметтерді беруді;
бұйымды өндіру және жеткізу үшін техникалық шарттардың жобаларын
ә з і р л е у д і ;

өндірістің жаңа технологияларын (пилоттық қондырғылар немесе желілер)
пысықтау үшін жартылай өндірістік масштабтағы (коммерциялық емес
қолданыстағы) жабдықтар мен технологиялық тізбелерді әзірлеу, дайындау және
енгізу б о й ы н ш а ж ұ м ы с т а р д ы ;
табиғи жағдайларда бұйымның негізгі құралдарының макеттерін сынауды
қамтитын техникалық жобалау.

8 . М ы н а л а р д ы :

1) конструкторлық құжаттардың топтамасын қалыптастыруды;
2) жұмыс құжаттамасының толық топтамасын әзірлеуді;
3) бірыңғайлығына және стандарттауға конструкторлық құжаттамаларын
т е к с е р у д і ;
4) сынақ үлгілерін тәжірибелік өндірісте дайындауды;
5) сынақ үлгілерін жөнге келтіру және кешендік реттеуді қамтитын сынақ
үлгілерін дайындау және сынау, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісті құру үшін
жұмыс құжаттамасын әзірлеу.

9 . М ы н а л а р д ы :

- 1) сынақ үлгілерінің техникалық тапсырма талаптарына сәйкестігін және мемлекеттік (ведомстволық) сынақтарға ұсыну мүмкіндігін тексеруді;
- 2) стендтік сынауды;
- 3) объектіде алдын ала сынауды;
- 4) сенімділігін сынауды қамтитын алдын ала сынау.

10. Нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу.

11. Зерттеулер мен жобалық жұмыстардың нәтижелерін енгізу (коммерциялау)
) үрдістерін сүйемелдеу.